

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті**

**ҚАЗАҚСТАН ЖОО-ЛАРЫНДА
«Мәңгілік Ел» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

А Л М А Т Ы - 2015

Дайындаған:

Пірәлиев С.Ж., Нәрібаев К.Н., Жампеисова Қ.Қ., Қойгелдиев М.К.,
Молдабеков Ж.Ж., Кан Г.В., Иманбаева С.Т., Хан Н.Н., Қалиева С.И.,
Қайдарова А.Ж., Джанабаева Р.А., Берікханова А.Е., Махметова
Б.Т., Сайдахметов Б.С.

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе	3
II. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері	6
III. Тұжырымдаманың негізгі ережелері	7
IV. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды құрамдас бөліктері аясында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру моделі	8
V. Бірінші курс студенттеріне арналған «Мәңгілік Ел» пәніне қойылатын талаптар	10
VI. Бірінші курс студенттеріне арналған «Мәңгілік Ел» пәнінің мақсаты, міндеттері, мазмұны	11
VII. «Мәңгілік Ел» пәнінің ерекшеліктері	17
VIII. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері	22
IX. Күтілетін нәтижелер	23
X. Қорытынды нәтижелер	25
XI. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін дамытудың (оқу курстары мен жылдары бойынша) міндеттерін жүзеге асыратын МЖМБС пәндері	27

I. КІРІСПЕ

«Мәңгілік Ел» жобасының өзектілігі. «Қазақстан - 2050» - қалыптасқан мемлекеттік жаңа саяси бағыты» Стратегиясында рухани тұтастану мен ұрпақтар жалғастығы, ұлттық сана-сезім мен жаңа қазақстандық патриотизмнің белгіленген бағдарға орай қалыптасуы мәселелерімен сабақтас сауалдардың маңыздылығына тоқтала отырып, Президент жақын болашақта аса **қуатты да күшті Қазақстан мемлекетін** өркениетті жолмен құруға барлық жағдай жасалғандығына айрықша назар аударды.

«Қазақстан - 2050» жаңа стратегиялық бағытын жүзеге асыру бойынша ерекше жауапкершілікті мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқына жүктей отырып, Президент ұлттың мәдени коды (тілі, руханияты, дәстүрлері) сақталғанда ғана уақыт үніне ілесе алатынымызға көңіл бөлген болатын. «Ұлт өзінің мәдени кодын жоғалтатын болса, ұлттың өзі де жоғалады. Абыройлы тарихымыз, даңқты ата-бабаларымыз туралы жады естеліктері ғана бізге алдағы уақытта қиындықтарға төтеп беруге көмектеседі». Осы орайда ұлттық идеологиялардың жасампаздығы мен ұлттардың осы жолда бейне бір «өз» мүддесі үшін күрескендей қайсарлық танытуы, сондай-ақ осы айтылғандар болмаған жағдайда ұлт және оның тарихи өміріндегі перспективалар жөнінде мүлде сөз қозғау қажет еместігі туралы көптеген ғалымдардың көзқарас-пікірлері әбден орынды.

Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағдарының басым бағыттарын анықтай отырып және жақын келешекте қуатты Қазақстан мемлекетін құрудағы жастардың ролі мен жауапкершілігін айқындай отырып, Президент олардың ұлттық сана-сезімі мен тарихи санасының жан-жақты қалыптасуы мәселесінің маңыздылығын барынша нақтылаған болатын.

Ұлттық сана-сезім қазіргі адам санасының ажырамас бөлігі болғандықтан, бұлай болуы заңды. Өркениетті елдердің баршасында қилы мәдени мағыналарды іздестіру мақсатында сан алуан ой-әрекет түрлеріне араласып, сұхбат жүргізе алатын ұлттық мәдениетті ұстанушы адамды тәрбиелеу заманауи білімнің мән-маңызы болып табылады.

Білім алушы жастарға ұлттық тәрбие беру мәселелері жөніндегі ғылыми зерттеулерде келесілер атап көрсетілген: тұлғаның ұлттық сана-сезімі ұлттылық туралы ой-пікірді, ұлттың өткен тарихына, бүгіні мен болашағына деген көзқарасты, ана тілін үйрену мен төл мәдениетті зерделеп танудағы белсенділікті, ұлттық мүдде мен құндылықтар бағдарын түйсіне отырып қабылдауды білдіреді.

Жоғарыда айтылғанды ескере отырып, соңғы онжылдықтарда жастар арасында рухани-адамгершілік дағдарыстың барлық аспектілерде (адамгершілік, әлеуметтік, физикалық, психикалық) күшеюіне байланысты қоғамның аса күрделі кезеңді бастан өткеріп жатқандығын тілге тиек етпеу мүмкін емес.

Мұндай тұжырымға Қазақстан жастарының белгілі бір бөлігінде ұлттық сана-сезім мен ділдің, азаматтылық пен патриотизмнің төмен

деңгейде болуы негіз бола алады. Бұл, ең алдымен, өз халқының тарихын, тілін, салт-дәстүрін білмеу сынды сипаттамадан анық аңғарылады. Әсіресе бұл жағдай қазақ жастарының арасындағы туған тілі мен тарихын, салт-дәстүрлерін білмегенімен қоса, осы мәселе жөнінде терең ойланып-толғанбайтындарына тікелей қатысты. Осылайша олар келесі ақиқатты көзден таса қалдыратыны анық: халықтың жойылуы үшін оның физикалық тұрғыда қырғынға ұшырауы міндетті емес – оны жадыдан, ой мен сөзден айыру жеткілікті, сөйтіп халықтың жаны өлім құшады.

Өз халқының төл мәдениетін, оның өткені мен бүгінін білмеу ұрпақтар сабақтастығының, замана жалғастығының үзілуіне әкеліп соғатындығы, ал мұның тұтастай алғанда адам мен халық дамуына айтарлықтай нұқсан тигізетіні тарихтан белгілі.

Жастар арасында алуан түрлі мәнге ие діни көзқарас-пайымдардың көбеюі, кәмелетке толмағандардың арасында қылмыстың өсуі, маскүнемдік, шылым шегу, нашақорлық, өз-өзіне қол жұмсау жағдайларының жиілеуі, жезөкшелік, аталған жастық ортада зұлымдық, қатігездік, агрессия, т.б. белең алуы көкейкесті мәселелерге айналып барады.

Жастардың кей бөлігінің Отан қорғауға дайын еместігі әлі де тұрақты үрдіс болып қалып отыр. Бұл әскери қызмет пен әскери мамандыққа деген теріс көзқарастан, жастардың дене дайындығының жеткіліксіздігінен айқын аңғарылады.

Жастардың рухани-адамгершілік деңгейінің төмендеуі келесі деңгейлерде тікелей көрініс тапқан: 1) ұлт денсаулығы; 2) ұлттың зияткерлік әлеуеті; 3) ұлттың бәсекеге қабілеттілігі; 4) еліміздің тұтастай ұлттық қауіпсіздігі.

Жастар – біздің мемлекетіміздің келешек тағдырына жауапты буын. Күллі әлем қауымдастығы жастарға әлеуметтік құбылыстардың аса маңызды субъекті, қоғамның адамгершілік барометрі, ғаламат инновациялық күш-қуат және стратегиялық ресурс ретінде қарайды. Сондықтан да біз қазіргі жастардың, әсіресе студенттердің ұлттық сана-сезімінің қалыптасу деңгейі және осыған сәйкес патриотизм, азаматтылық пен әлеуметтік белсенділіктерінің деңгейі қандай болатындығына енжар қарай алмаймыз.

Бүгін бәсекеге қабілетті адамзат капиталы бар елге жол, Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамына жол, өмірдің мүлде жаңа сапасына жол ұлттың рухани-адамгершілік түлеуі арқылы ғана ашылады деген қағида аксиомаға айналуы тиіс.

Қазақстан ЖОО-ларына «Мәңгілік Ел» сынды пәнді енгізу қажеттілігін дәл осы көзқарас тұрғысынан зерделеген жөн.

«Мәңгілік Ел» пәнін Қазақстан ЖОО-ларына енгізудің мағыздылығы бүгінгі таңда мемлекетімізде жаһандану мен әлемдік білім кеңістігіне кірігу үдерістері қарқынды жүргізіліп жатқандығымен де негізделеді. «Жақын болашақта мемлекетімізге кәсіби біліктілігі жоғары мыңдаған мамандар мен дипломды ғалымдар қажет болады. Қазақстанның әлемдегі мейлінше

бәсекеге қабілетті елдер қатарына қосылуын жоғары кәсіби білікті мамандар жүзеге асырған жағдайда ғана бұл міндет іс жүзінде шешімін таппақ...

Білімді, сауатты адамдар – бұл ХХІ ғасырдағы адамзат дамуының негізгі қозғаушы күші. Бүгінгі студенттер осыны жақсы түсінуі тиіс. Дамуды көздемейтіндер мен алға баспайтындарға өз орнын неғұрлым бәсекеге қабілетті маманға босатуға тура келеді. «Мак Синти» атты беделді халықаралық консалтинг компаниясының кеңесшілері айтқандай, «Алға, әйтпесе жол бер». Қазіргі бәсекелестік әлемін осындай ұстаным билейді.

Ұлттың заманауи әрі тиімді білім беру жүйесін ұстану, оқыту арқылы болашақ мамандардың зияткерлік деңгейін жетілдіру қабілеті бәсекеге қабілеттіліктің сындарлы мәнге ие алғышарттарының біріне айналды (Н.Ә.Назарбаев).

Азаматтардың зияткерлік әлеуетінің жоғары деңгейі мен оны жүзеге асыру мүмкіндіктерінің болуы – әлеуметтік жүйенің қалыпты қызмет етуіне аса қажет жағдай.

Көптеген отандық және шетелдік зерттеулер қоғамның ілгерілеп дамуы оның зияткерлік және басқару ресурстарының даму деңгейіне байланысты екендігін растайды. Француз ғалымы Луи Пастер сонау ХІХ ғасырда-ақ ақыл-ой жұмысы саласында өзгелерден озған халық қашанда алда болатындығын көрегендікпен ескерткен болатын.

Жоғарыда айтылған ой зияткерлік әлеуеті жоғары, ұлт мәдениетінің рухани құндылықтарын сақтап көбейтуге жауапты, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғары деңгейде меңгерген, ұлттық сана-сезім стереотиптерін еңсеріп, өзге мәдениет өкілдерімен салихалы сұхбат алатын мамандардың жаңа буынын, әлеуметтік белсенді қоғам мүшелерін тәрбиелеу мәселесінің өзектілігін айқындай түседі.

Бұл мәселені шешу жолында «Мәңгілік Ел» пәнінің орта мектепте ғана емес, жоғары мектепте де міндетті пән ретінде енгізілуі теңдессіз роль атқаруы тиіс.

II. Тұжырымдаманың мақсаты мен міндеттері

Тұжырымдаманың мақсаты: жоғары оқу орнында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үдерісінің жүйесі мен ғылыми-әдістемелік қосымшаларын дайындау.

Тұжырымдаманың міндеттері:

1. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды құрауыштары аясында жоғары оқу орнында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру жүйесінің негізгі теориялық қағидаларын әзірлеу.

2. 1 курс студенттеріне арналған «Мәңгілік Ел» оқулығының жүйені қалыптастырушы пән ретіндегі құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды айқындау.

3. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін дамыту (курстар мен жылдар бойынша) міндеттерін жүзеге асыратын МЖМБС пәндер блогын анықтау.

III. Тұжырымдаманың негізгі ережелері

1. Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін, патриотизмін, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру студенттерге ұлттық тәрбие берудің мақсаты мен нәтижесі болып табылады.

Ұлттық тәрбие мен білім қоғам дамуының ажырамас бөлігі болып табылады. Сондықтан болашақ мамандардың негізделген, дұрыс ұйымдастырылған ұлттық тәрбиесі арқылы қазақ халқының тарихи даму жолына сәйкес ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ғана емес, сонымен қоса Қазақстанның барша халқының даму перспективасын зерделеу қарастырылған.

2. Қазақстанның қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайында болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беру ісі білім алушы жастардың этникалық және азаматтық барабарлығы деңгейінде ұлттық сана-сезімін жаңғыртумен қоса, олардың зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін барынша арттыруға деген қоғам сұранысына негізделуі тиіс.

3. Болашақ мамандардың жоғарыда аталған қасиет-сапаларын қалыптастыруға бағытталған ұлттық тәрбиені «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында зерделеген жөн.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы қоғамның рухани өмірінің бір бөлігі ретінде мән-мағына түзу, этнос қалыптастыру, құндылықтар бағдарын анықтау, қоғамды біртұтастандыру функцияларын атқарады. Ол ұлт руханияты, туған халқының тарихи келбеті мен шығармашылық әрекетіне деген сүйіспеншілік сезім, халықтың рухани күш-қайраты мен рухани бейімділігіне деген сенім, халықтың төл мәдени болмыс-бітімі мен рухани миссиясын түйсіне пайымдауы, тарихи жады мен келешек бейнесінің бірлігі сынды құндылықтарға негізделген.

4. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды құрамдас бөліктері: а) этнос қалыптастырушы; ә) азаматтық; б) жалпыұлттық. Олар қазақстандықтардың бойында ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, патриоттығы, азаматтылығы мен әлеуметтік белсенділігі жоғары деңгейлі зияткер әрі бәсекеге қабілетті тұлғаға тән қасиет-сапаларды жетілдіруге бағытталған.

IV. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды құрамдас бөліктері аясында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру моделі

1. Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру моделі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды құрамдас бөліктері негізінде түзілуі тиіс:

а) этнос қалыптастырушы – тұлғаның этникалық барабарлығы пен этникалық әлеуметтенуіне бағытталған;

б) азаматтық – тұлғаның азаматтық барабарлығына бағытталған;

в) жалпыұлттық – болашақ маман тұлғасының зияткерлік және бәсекеге қабілеттілік сапаларын дамытуға бағытталған.

Болашақ мамандар үшін (мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін) ұлттық сана-сезімнің үздіксіз дамуы олардың ұлттық мәдениетпен етене бірлікте тіршілік етіп, ұлттық және жалпыадамдық құндылықтарға иек артуын қажет етеді.

Тұлғаның этникалық барабарлығы, этникалық әлеуметтенуі деңгейінде болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру ана тілін үйрену, қазақ халқының тарихымен, рухани және материалдық мәдениетімен, оның ұлттық ділімен, дүниетаным ерекшеліктерімен, салт-дәстүрімен, құндылықтар бағдарымен танысу және оларды іс жүзінде басшылыққа алу арқылы жүзеге асуы тиіс.

Болашақ маманның ұлттық сана-сезімінің қалыптасуындағы негізгі кезеңдер: қазақ халқының, Қазақстанның біртұтас халқының өзіндік тарихы мен ұлттық мәдениет ерекшеліктері туралы білім мен көзқарас-пайымдарды игеру кезеңі; эмоционалдық сезім-күйді бастан кешіру кезеңі (Отанды сүю мен жерге деген қимастық сезімінің қалыптасуы, ұлттық мақтаныш сезімі, атамекен тағдырына жауапкершілік); қазақ халқына, Қазақстан халқына хас ұлттық мәдениет құндылықтарын, дәстүрлерін сақтауға бағытталған этносхема мен қалаулы әрекеттер этномоделінің түзілу кезеңі.

Осыған сәйкес мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін этникалық барабарлық пен этникалық әлеуметтену деңгейінде болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру келесі бейнелі ойды қалыптастыруға бағытталуы тиіс: **«МЕН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨКІЛІМІН.** Мен қазақ тілін меңгерген, өз халқының ұлттық салт-дәстүрі мен мәдениетін, қалыптасып, даму тарихын біліп қана қоймай, бірлесіп өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың тіліне, салт-дәстүрлеріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына құрметпен қараймын. Мен Қазақ мемлекетінде өмір сүретін халықтар мен ұлыстардың бейбітшілігі, тыныштығы, бірігіп нығаюы үшін жауаптымын. Мен мұны өз халқымның ұлттық сана-сезімін, ділін өркениетті түрде дамыту жолы ретінде түйсініп қабылдаймын. Бұл күшті де қуатты Қазақстан мемлекетінің қалыптасу жолы».

Осы ұстанымға сәйкес Қазақстан ЖОО-ларында оқу-тәрбие үдерісі ұлттық ерекшелік пен білім мазмұнындағы «ұлттық ерекшелік» ақтаңдақтарының орнын толтыру қажеттігін ескере отырып ұйымдастырылуы керек. Сонда ғана тұлғаның ұлттық сана-сезімі, ұлттық сезімі, ұлттық мінезі жайында сөз қозғауға болады.

2. Мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін де, өзге ұлт өкілдері үшін де тұлғаның азаматтық барабарлығы деңгейінде болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру Қазақстанның «Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...» деген сөздермен басталатын Негізгі Заңының кіріспесіне сүйене отырып жүзеге асырылуы тиіс. Қазақстан осында өмір сүретін барша адамдардың, түрлі ұлттар мен дін өкілдерінің отанына айналды. Оларды ортақ тарихи тағдыр біріктіреді. Мемлекет құрушы этностың рухани дүниесі мен ділін түсінуге, тілі мен салт-дәстүрін, тарихы мен тұтастай ұлттық мәдениетін білуге негізделген өзара сыйластық сезімінен артық еш нәрсе де әртүрлі ұлт өкілдерінің басын біріктіре алмайды.

Мемлекет құрушы ұлт өкілдері үшін де, өзге ұлт өкілдері үшін де «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының азаматтық құрамдас бөлігі аясында болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру келесі бейнелі ойды қалыптастыруға бағытталуы тиіс: **«МЕН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨКІЛІМІН», «МЕН - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТЫМЫН».** Мен қазақ тілін (мемлекеттік тілді) үйреніп, меңгеріп, қазақ халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық мәдениетін, қалыптасып даму тарихын біліп қана қоймай, Қазақстанда өмір сүретін халықтар мен ұлыстардың бейбітшілігі, тыныштығы, бірігіп нығаюы үшін жауапты екенімді түсінемін. Мен мұны өз халқымның ұлттық сана-сезімін, ділін өркениетті түрде дамыту жолы ретінде түйсініп қабылдаймын. Бұл күшті де қуатты Қазақстан мемлекетінің қалыптасу жолы. Мен – осы мемлекеттің азаматымын».

Осыған байланысты болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беру мәселесі жалпы мен ерекшенің синтезі ретінде қарастырылуы тиіс. Яғни ол тәрбие тәжірибесіндегі және тәрбие ісіне деген көзқарастағы жалпылық пен ерекшеліктің диалектикалық бірлігі болып танылуы керек. Осы орайда жалпылық – қазақ жерінде өмір сүретін барлық халықтарға тән болса, ерекшелік – нақты бір этносқа, ал аталған жағдайда қазақ халқына тән.

3. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының үшінші құрамдас бөлігі деңгейінде болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру «МЕН – БІЗ – БАРШАМЫЗ –БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЗИЯТКЕР ҰЛТПЫЗ» сынды феномендік барабарлыққа бағытталуы тиіс.

Мұндай көзқарас тұрғысынан зерделегенде, этникалық барабарлық (МЕН) пен азаматтық барабарлықтан (БІЗ) бәсекеге қабілетті зияткер ұлтқа (БАРШАМЫЗ) бағыт алған қозғалыс Қазақстан Мемлекеті болашақ маманының ұлттық сана-сезімін, ұлттық рухын, азаматтығын, патриоттығы мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастырудың негізгі даму векторы болып табылады. Бұл – Қазақстанның өркениетті даму жолы. Бұл – еліміз тәуелсіздік алған күннен бергі уақытта жарияланған барлық стратегиялық ұлттық жобалардың, Мемлекет басшысының Қазақстан халқына

Жолдауларының негізгі өзегіне айналған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының даму жолы.

V. Бірінші курс студенттеріне арналған «Мәңгілік Ел» пәніне қойылатын талаптар

1. Ұлттық сана-сезімді қалыптастыру – бір сәтте жүзеге асатын әрекет емес. Бұл ұзақ үдерісті болашақ мамандардың игерген білімі мен дағды-машықтарын, іс-әрекет тәсілдерін, алынған білімнің тәжірибе жүзінде пайдаға асуын мақсатты түрде (курстан курсқа) ұлғайту мен жинақтаудың, сондай-ақ тәжірибені эмоционалдық тұрғыда бағалай білу қатынасын (рефлексия, барабарлық) қалыптастырудың өзіндік жүйесі ретінде қарастырған жөн.

2. Тұлғаның күрделі құрылымдық түзілімі ретінде ұлттық сана-сезім оқыту мен тәрбие беру ықпалы арқылы қалыптасып, оның мазмұны, оқыту бағыты мен әдістері негізінде анықталады. Осыған орай ол теориялық, қолданбалы мәнге ие дербес ғылыми пәннің нысанына айналуы тиіс.

3. ЖОО-дағы тұтас педагогикалық үдерістегі болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін, азаматтығын, патриоттығы мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастырып, дамытудың үздіксіз үдерісі жүйесінде (курстан курсқа) бірінші курс студенттеріне арналған «Мәңгілік Ел» пәнінің жүйені қалыптастырушы курс ретінде енгізілуі айтарлықтай роль атқаруы тиіс.

4. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының ұлттық бағдарлама дәрежесінде көтерілуі «Мәңгілік Ел» пәнінің іргелі мәселесіне айналуы тиіс.

Жаңа пән жаңарып отыратын әлемдегі ұғым-түсініктердің, қағидалар мен нұсқаулардың мән-мағынасын нақтылап, қоғам сұранысы бойынша түрлі көзқарастардың ортақ келісімге келу өлшемдерін реттеуі тиіс.

5. Пәннің қисыны ұлттық тәжірибедегі даралық, ерекшелік пен жалпылықтың өзара ұқсас жақтарын анықтауға негізделуі керек.

«Мәңгілік Ел» пәнінің ұлттық және педагогикалық-тәрбиелік мәні этникалық, азаматтық және жалпыұлттық әлеует сынды үш өлшем арқылы мейлінше толымды түрде ашылады.

Бұл қағидалар тарихи жады, әдіснамалық мәдениет пен әлеуметтік бағдар ортақтығы сынды инновациялық бастаманы арқау еткен.

Осы тұрғыдан келгенде, «Мәңгілік Ел» пәні – Қазақстан Республикасындағы жаңа әлеуметтік-мәдени жағдайда зор сұранысқа ие болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін, ұлттық рухын, зияткерлік әлеуеті мен жаңа қазақстандық патриотизмін қалыптастыруға бағытталған жаңа феномен.

6. Мазмұндық интеграция заманауи білімнің дамуындағы жетекші үрдіс болып табылады. Интеграциялану (бірігу) пәнаралық байланыстың оқыту үдерісінде жаңа сапаға көтерілуін білдіретін инновациялық технология болып табылады. Бұл – интеграцияның негізгі мәні. Осыған байланысты

«Мәңгілік Ел» пәнін сапалы оқытудың маңызды алғышарттардың бірі пәнаралық сипат болуы керек.

«Мәңгілік Ел» пәні біріккен (интеграцияланған) курс ретінде болашақ мамандарға көптеген ғылым салалары (тарих, философия, география, этнография, әдебиет, этнопедагогика, этика және әдептілік және т.б.), өнер, мәдениет, кескіндеме, сондай-ақ шынайы өмір жайында білім берілуі керек. Интеграцияланудың нәтижесі – тұтастану қасиеттеріне ие жүйе екендігі белгілі.

Олай болса, «Мәңгілік Ел» пәндік саласы әдістемелік тұрғыда келесі принциптерді ұстануы керек: монизмнен плюрализмге, біржақты көзқарастан көпдеңгейлі сараптамаға және пәнаралық пайымдауға көшу.

Көпдеңгейлілік, пәнаралық алғышарттары:

-Ел туралы абстрактылы пікірден оның мәні мен даму перспективалары жайлы нақты түсінікке өту;

-болашақ мамандардың ұлттық рух, ұлттық болмыс пен инновациялық бастамалар жайлы білімдерін тереңдету;

-теориялық көзқарастарды жанды шығармашылық және белсенді де өнімді іс-әрекет негізінде толықтыру.

6. ЖОО-ға арналған «Мәңгілік Ел» пәнінің негізгі міндеті – болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін дамыту мен жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу бойынша білім деңгейін мейлінше тереңдете түсу, атап айтқанда, кәсіптік тұрғыда өзін-өзі тануы мен зерделеуі деңгейін жетілдіру болып табылады.

Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік Ел» пәні *метапәндік сипатқа* ие болуы тиіс. Осылайша, пәнді Қазақстан мектептеріне енгізу арқылы студент жастардың ұлттық сана-сезімін үздіксіз қалыптастыруға жол ашылады.

VI. Бірінші курс студенттеріне арналған «Мәңгілік Ел» пәнінің мақсаты, міндеттері, мазмұны

«Мәңгілік Ел» пәнінің мақсаты: ұлттық сана-сезімі, ұлттық рухы, патриоттық рухы, тарихи санасы мен әлеуметтік жадысы, кәсіби біліктілігі мен бәсекеге қабілеттілігі жоғары деңгейлі, мемлекетіміздің тұрақтылығын, тәуелсіздігін, қауіпсіздігін сақтау бойынша белсенді әрі шешуші әрекеттерге даяр, өзге мәдениет өкілдерімен салихалы сұхбат құра алатын мамандардың жаңа буынын, қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу.

«Мәңгілік Ел» пәнінің міндеттері

1. Қазақ халқының ұлттық мәдениетіне терең бойлау, оның тарих, тіл, салт-дәстүр, өзіндік болмыс сынды маңызды құрамдас бөліктерін зерделеу, сонымен бірге қазақ халқының ұлттық мүддесін, ұлттық құндылықтары мен құндылықтар бағдарын саналы түрде қабылдау негізінде болашақ мамандардың (ұлтына қарамастан) жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімі мен оның өзегі

ретіндегі ұлттық рухты қалыптастыру.

2. Болашақ мамандардың (мемлекет құрушы ұлт өкілдерінің) ұлттық сана-сезім, жасампаз рух, патриоттық рух, тарихи сана мен әлеуметтік жады дамуының негізі ретінде өз ұлтының түп-тамырларын, туған халқының қалыптасып, даму тарихын терең пайымдауға тәрбиелеу. Осы ретте ұлттың даму тарихы өткен мен бүгін және болашақтың ажырамас бірлігі, өзара байланысы сапасында зерделенеді.

3. Болашақ мамандардың (ұлтына қарамастан) Қазақстан халқының тарихи дамуындағы басты қозғаушы күш, біріктіруші әрі нығайтушы бастама болып табылатын ұлттық рухы мен бірлік рухын дамыту және нығайту (халықтың рухы мықты болған сайын оның мемлекеттігінің перспективалары жоғарылай түседі).

4. Болашақ мамандардың қазақ тілін мемлекеттік тіл, ұлттық сана-сезімнің базалық тетігі, қазақ халқының, қазақ жерін мекендейтін барша халықтар мен ұлыстардың руханияты мен бірлігінің тұғыры, тұтастай ұлттық рух дамуының негізі ретінде белсенді түрде меңгеруге дайындығын дамыту.

5. Қазақ халқының озық дәстүрлерін (қонақжайлық, барша адамдарға деген ықыласты көңіл мен қамқорлық, төзімділік) негізге ала отырып, болашақ мамандардың (ұлтына қарамастан) бірлесіп өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың салт-дәстүріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына деген құрмет сезімін дамыту.

6. Болашақ мамандарды (ұлтына қарамастан) өз бойында келесі қасиеттерді саналы түрде қалыптастыруға бейімдеу: а) жоғары деңгейдегі ұлттық абырой, патриотизм мен азаматтық, төзімділік (толеранттылық) пен гуманизм; ә) этносаралық, конфессияаралық және мәдениетаралық сұхбат құруға әзірлік; б) Мейірімділік, Ақиқат, Сұлулық «мәңгілік» мұраттарын бейнелейтін және жер бетінде бейбітшілік пен тыныштық орнауына септігін тигізетін, зорлық-зомбылыққа жол бермейтін өмір, еркіндік, ар, сенім, махаббат, бақыт сынды жалпыадамдық тұғырлы құндылықтар бағдарын ұстануға ықыласты болу.

7. Болашақ мамандардың заманауи әлеуметтік-мәдени жағдайда келесі қасиет-сапаларға ие бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаға деген сұраныстың жоғары болатындығын саналы түрде пайымдап түсінуге бағыттау: а) өзін жетілдіруге, өздігімен дамуға, өзінің негізгі күш-қуатын іске асыруға және өзін танытуға ұмтылыс; ә) жаңа білім мазмұныны игеріп, тың идеяларды ойлап табуда бастамашылдық таныту және оларды отан игілігі үшін жүзеге асыруға дайын болу.

«Мәңгілік Ел» пәнінің мазмұны

Тақырып 1. Тәуелсіздіктің қалыптасу кезеңіндегі стратегиялық құжаттар мен Президент Жолдаулары аясындағы қазіргі Қазақстанның ұлттық идеясы мен ұлттық саясаты. «Ұлттық идея», «ұлттық мұрат», «ұлт көшбасшысы», «ұлттық элита» ұғымдарының мәні. Ұлттық идея мен ұлттық

мұраттардың көп этникалық қоғамда этномәдени және азаматтық тұрғыда пайымдалуы. Олардың бірлігі мен өзара байланысы. Қазақстандағы ұлттық идея: этникалық барабарлықтан біртұтастану мен келісімге. Бәсекеге қабілеттілік ұлттық идеяның маңызды құрамдас бөлігі ретінде. Ұлттық идея мен ұлттық мұраттардың мазмұндық аясында жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу.

Тақырып 2. Болашақ мамандарға «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында ұлттық тәрбие беру. Болашақ мамандарға ұлттық тәрбие беру: мақсаты, міндеттері, мазмұны. «Тәрбие», «этникалық тәрбие», «ұлттық тәрбие» ұғымдарының мәні. Ұлттық тәрбие мұраттары аясында болашақ мамандарға ұлттық тәрбие берудің маңызын арттыру. Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру моделі. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері (тұлғалық-әрекеттік, субъектілік, жүйелік-тұтастық, аксиологиялық, мәдениаттанушылық, этнопедагогикалық, этномәдени, көпмәдениеттік, құзырлық ыңғайлар).

Тақырып 3. Ұлт пен тұлғаның дүниетанымдық тұғырының өзегі ретіндегі діл. Ақыл жүйесі, ой бейнесі, пайымдау, әлемсезіну, дүниеқабылдау сипаты, адамдардың топтық сипаттамасы, көзқарастар мен ой-пікірлер жиынтығы ретіндегі ділдің сипаттамасы. Ділдің құрылымдық компоненттері. Ұлттық құндылықтар – діл негізі. Ұлттық және жалпыадамдық құндылықтардың өзара байланысы. Ұлттық құндылықтар жүйесі: халықтың тілі, тарихы, салт-дәстүрлері, табиғаты, мораль және т.б. Қазақ халқының ділі және оның өзіндік ерекшеліктері. Қазақ халқына тән ділдің қалыптасуына ықпал ететін факторлар (географиялық орта, климаттық жағдай, қазақтың көшпенді мәдениеті, өмір салты, дін, тәңіршілдік, ата-бабалардың аруағына табыну және т.б.). Қазіргі қазақ жастарының ұлттық ділінің қалыптасу ерекшеліктері.

Тақырып 4. «Қазақ елі» идеясының қалыптасуы мен даму тарихы. «Ел» ұғымының пайда болу тарихы. «Түрік елі» идеясының пайда болуы. Ислам өркениеті және «Ел» ұғымының жаңа мазмұнға ие болуы. «Қазақ идеясының» ұлттық идея ретінде туындауы. «Зар Заман» дәуіріндегі «Қазақ елі» идеясы. «Алаш» қозғалысы және «Қазақ елі» идеясы. Кеңес үкіметі және «Қазақ елі» идеясы. Тәуелсіз Қазақстан: «Қазақ елі» идеясы уақыт талабына жауап ретінде.

Тақырып 5. Ұлттық сана-сезім қазіргі адам санасының ажырамас бөлігі ретінде. «Сана», «тұлға санас-сезімі», «ұлттық сана-сезім» ұғымдары. Ұлттық сана-сезім халық дүниетанымының бір бөлігі ретінде. Қазақ халқының ұлттық сана-сезімнің құрамдас бөліктері (тарих, тіл, салт-дәстүрлер, мәдениет). Ұлттық сана-сезім – адам іс-әрекетін реттеуші,

тұлғаны дамытушы қуат көзі. Тұлғаның ұлттық сана-сезімінің жалпы сипаттамасы. Этнос мүшелерінің этносқа қатыстылық, өзіндік болмыс сипаттамасы туралы ой-толғамдарының ролі. Тұлғаға және топқа тән этникалық стереотиптер, симпатиялар мен антипатияларда ұлттық сана-сезімнің көрініс табуы. Ұлттық сана-сезім психологиясы. Ұлттық сана-сезімнің негізгі үш қырының – өзін-өзі тану, өзіне деген қарым-қатынас, өзін-өзі реттеудің психологиялық сипаттамасы. Адамның өзі, ұлттық тегі, халқының дүниетанымы жайлы түсініктер жүйесі. Дербес сана-сезім және тұлғаның өзін-өзі теңдестіру үдерісі – «Мен - тұжырымдама» - ұлттық сана-сезім негізі. ЖОО-дағы тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың ерекшеліктері, жүйесі, формалары мен әдістері.

Тақырып 6. Этникалық әлеуметтену мен этникалық теңдестіру тұлғалық ұлттық сана-сезім дамуының негізі ретінде. Этникалық әлеуметтену ұғымы. Тұлғаның этникалық әлеуметтенуінің ролі. Этникалық фактордың адам өміріндегі ролі. Этникалық әлеуметтену – әлеуметтенудің жеке аспекті, қоғамда қалыптасқан этноәлеуметтік ролдерді игеруі барысында тұлғаның даму және өзін-өзі дамыту үдерісі ретінде. Этникалық барабарлық түрлері. Этникалық барабарлық ұлттық сана-сезім дамуының негізі ретінде. Этникалық барабарлықтың қайнар көздері. Барабарлық типтері, адаптациялық-компенсаторлық үдерістер және өмір мағынасы, жатсыну факторлары. Этноцентризм феномені, мазмұндық және ұғымдық аспектілері. Тұлғаның саналы түрде пайымдауы, әлеуметтенуі және ұлттық мәдениетке араласуы контекстіндегі этноцентризм. Топаралық қарым-қатынастардағы этноцентризмнің көрінісі. Этноцентризм психологиялық функция ретінде. Тұлғаның этникалық күзиреттілігінің белгілері ретіндегі этникалық сана-сезім, этникалық барабарлық және этникалық төзімділік (толеранттылық). Этникалық әлеуметтену нәтижесі ретіндегі этникалық күзиреттілік. Этномәдени сана және сана-сезім.

Тақырып 7. Қазақ ұлттық мәдениеті және оның болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы ролі. Ұлттық мәдениеттің мәні мен міндетінің жалпы сипаттамасы, оның компоненттері. Дәстүрлі ұлттық мәдениет және оның функциялары (адаптациялық, коммуникативтік, сигнификативтік, интеграциялық, әлеуметтену функциясы, ақпараттық функциясы, нормативтік-реттеушілік және теңдестіру функциялары). Қазақ халқының дәстүрлі рухани мәдениеті және оның ерекшеліктері. Қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлері. Ауызша шығармашылық (ертегілер, халық жырлары, аңыз-әңгімелер және т.б.). Қазақ халқының ән-жыр шығармашылығы. Ақын-жыраулар (Қорқыт ата, Асан Қайғы, Бұхар жырау және т.б.) мен күйшілер Дала Рухын сақтаушылар ретінде.

Қазақ халқына тән рухани мәдениет жүйесінің қалыптасуына көне философиялық ойдың әсері – әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари.

Қазақ философиялық ойының негізін қалаушылар – Ахмет Йассауи, Мұхамет Қайдар Дулати. Төле би, Қазыбек би және Әйтеке би қазақ халқының бірлігінің, әділеттілік пен данышпандықтың, асқақ абырой мен ар-ұжданның символы ретінде. ХІХ ғ. Екінші жартысындағы ағартушылары – Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбайұлы, Ш.Құдайбердіұлының өмірлік мәндегі бағдарлары және олардың қазақ халқы ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына әсері.

Тақырып 8. Ұлттық тіл ұлттық сана-сезімнің базалық тетігі ретінде. «Ұлттық тіл» ұғымының мәні. Қазақ тілінің пайда болу тарихы. Қазақ тілінің туып қалыптасуына әсер еткен факторлар. Тіл – ұлттық ой айнасы. Тіл ұлттық құндылық ретінде. Тіл ұлтты біріктіруші өзек ретінде. Тіл халықтың бүгінгі өмірін өткен тарихпен және келешекпен байланыстырушы дәнекер ретінде (жалғастық мәселесі). Тіл ұлттық сана-сезімнің базалық тетігі, халық руханиятының өзегі, патриоттық тәрбиенің маңызды құралы ретінде. Тілдің ұлттық мәдениетпен, халыққа тән мінез, психология және руханиятпен табиғи байланысы. Тіл – халық әлемсезінуінің (ділінің), оның құндылықтары мен салт-дәстүрлер жүйесінің көрсеткіші. Мемлекеттік тілді меңгеру негізінде ұлттық сана-сезімді қалыптастыру, ұлт абыройын асқақтату – ұлттық тәрбие жүйесіндегі басым бағыт. Қазіргі Қазақстандағы үш тұғырлы тіл моделі.

Тақырып 9. Қазақ халық педагогикасындағы этика негіздері. «Этика» ұғымының мәні. Қазақ халық педагогикасындағы этика идеялары. Қазақ этикасының ұстанымдары мен ерекшеліктері. Қазақ этикасының түрлері. Қазақ этносында ішінде және одан тыс ортада адамдармен қарым-қатынас жасау ережелері. Қазақ халық әдебінің өзіндік ерекшеліктері. Қазақ әдебінің дәстүрлі нормалары. Қазақтардың халықтық әдеп кодексіндегі үлкенге құрмет. Қазақ халқының тіл (сөйлеу) әдебі. Қазақтардың іскерлік әдебі. Отбасылық әдеп негіздері. Сәлемдесу және қоштасу әдебі. Қонақжайлылықтың әдептік нормалары. Бата беру. Бата түрлері.

Тақырып 10. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесі жүйесі. Қазақ отбасы. Қазақ отбасының сипаттамасы, құрылымы мен дәстүрлері. Қазақ отбасындағы отбасылық тәрбиенің психологиялық негіздері және ұрпақтар жалғастығы. Қазақ отбасындағы бала тәрбиесі жүйесі. Қазақ отбасын басқару ұстанымдары мен ерекшеліктері. Қазақ отбасындағы отбасылық құндылықтар және ата-ана беделі. Қазақ отбасындағы балаларға тәрбие берудің әдістері мен құралдары. Қазақ отбасындағы қарым-қатынастың құқықтық негіздері мен қарым-қатынас жасау мәдениеті. Қазақ отбасындағы психологиялық ахуал. Қазіргі қазақ отбасындағы құндылықтар мен дәстүрлер. Қазақ отбасындағы ұл мен қыздың ата-ана алдындағы парызы. Заманауи жағдайда өскелең ұрпақтың ұлттық сана-сезімін, патриоттығы мен азаматтығын қалыптастырудағы отбасының ролі мен жауапкершілігі.

Тақырып 11. Қазақ халқының ұлттық мәдениетінің құрамдас бөлігі ретіндегі дін және оның ұлттық сана-сезімді қалыптастырудағы ролі. Ислам діні. Ислам дінінің Қазақстанда даму тарихы. Тұлғаның рухани құндылықтарының қалыптасуындағы Құранның ролі. Ислам дінінің негізгі ұстанымдары. Ислам дінінің қазақ жерінде таралуындағы Арыстанбаб, Қожа Ахмет Йассауи және т.б. ілімдерінің мәні. Ислам мәдениеті. Ислам діні және ұлттық салт-дәстүрлердің мән-маңызы. Абай, Ш.Құдайбердіұлы еңбектеріндегі ислам уағыздары. Қазақ халықтың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретіндегі ислам дінінің ролі. Рухани, тұрмыстық өмірдегі, отбасындағы діннің алатын орны. Діни қызмет пен діни ұйымдар туралы Қазақстан Республикасының Заңы. Студент және дін. Болашақ маманның рухани құндылықтарын қалыптастырудағы діннің алатын орны.

Тақырып 12. «Мәңгілік Ел» ұғымы мен құбылысы аясындағы ұлтаралық қарым-қатынас, этносаралық және конфессияаралық келісім мәдениеті. «Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті» ұғымының мәні. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті қоғамның рухани өмірінің, жалпыадамзаттық мәдениеттің бір бөлігі ретінде. Қазақстандағы ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетінің тарихи тамырлары. Төзімділік (толеранттылық) қазақ халқының ділдік ерекшелігі ретінде. Қазақстандағы көпэтникалық қоғам, мәдениеттер сұхбаты. Көпэтникалық қоғамдағы ұлтаралық қарым-қатынас. Көпмәдениетті тұлғаның сипаттамасы. Этникааралық төзімділік пен қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі. Қазақстан ұлт бірлігі доктринасы. Болашақ мамандарды мәдениетаралық өзара әрекеттестікке дайындау. Мәдениетаралық құзіреттілік. ЖОО-дағы көпэтникалық орта. Студенттердің этникааралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін факторлар. «Мәңгілік Ел» ұғымы мен құбылысы аясындағы этникааралық және конфессияаралық келісім.

Тақырып 13. Салауатты өмір салты – дені сау ұлтты қалыптастырудың негізі. «Салауатты өмір салты» ұғымының мәні. Денсаулық пен салауатты өмір салтының негізгі құрамдас бөліктері (адамгершілік, әлеуметтік, психикалық, физикалық). Салауатты өмір салтын қалыптастыру ұстанымдары. Жастардың денсаулығы қзіргі қоғамның тұрақты құндылығы ретінде. Қазақ халқының салауатты өмір салтын қалыптастырудың ерекшеліктері. Қазақ халқының гендік қорын (генофонд) сақтаудың маңызы ұлт денсаулығын сақтаудың негізі ретінде. Жастар ортасындағы асоциалды көріністер олардың ұлттық сана-сезімінің төмен деңгейінің көрсеткіші ретінде. Салауатты өмір салты мәдениетіне тәрбиелеу, денсаулықты құндылық ретінде бағалауға бейімдеу – ұлттың рухани-адамгершілік тұрғыда жаңғыруы үшін аса қажет жағдай.

Тақырып 14. Болашақ мамандардың зияткерлік әлеуетін дамыту – ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің негізі. Ұлттық зияткерлік әлеуетін

қалыптастыру – мемлекетіміздің бәсекеге қабілеттілігінің сақтаудың, қазақстандық қоғамның тұрақты дамуының негізі. Қоғамның болашақ зияткерлік элитасы ретінде болашақ мамандардың зияткерлік әлеуетін дамытудың маңызы. Болашақ маман тұлғасының зияткерлік әлеуетінің құрылымы мен мазмұны. Жоғары білім жүйесі болашақ маман тұлғасының зияткерлік әлеуетін дамытудың негізі ретінде. Болашақ мамандардың зияткерлік әлеуетін қалыптастырудағы инновациялық және ақпараттық технологиялардың ролі. Студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыру мен олардың зияткерлік әлеуетін дамыту жөніндегі Қазақстан Республикасының Жастар саясаты.

VIII. «Мәңгілік Ел» пәнінің ерекшеліктері

«Мәңгілік Ел» пәнінің ерекшелігі оның мазмұндық бөлігінің:

а) құжаттық, тарихи сипатында: болашақ мамандардың ұлттық тәрбиесінің мақсаты, міндеттері, мазмұны мемлекетіміз тәуелсіздік алған күннен бергі қабылданған стратегиялық құжаттар мен Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауларының негізгі ережелеріне ретроспективалық талдау жасау негізінде анықталып, қалыптастырылды;

ә) болашақ мамандардың жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімін, патриотизмін, азаматтығы мен әлеуметтік белсенділігін барынша қалыптастыруға бағытталғанда;

б) «Мәңгілік Ел» пәнінің бүкіл мазмұны мемлекетіміздің ұлттық идеясының маңызды құрамдас бөліктерін (этнос қалыптастырушы, азаматтық және жалпыұлттық), сондай-ақ «Қазақстан - 2050» Стратегиясының негізгі алты бағытын ескере отырып, құрылған. Бұл аталғандар Мықты да қуатты ҚАЗАҚСТАН Мемлекетін құруда назарға алынуы тиіс. **Бірінші.** Жаңа қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу. Жаңа қазақстандық патриотизм дегеніміз – этникалық өзгешелігіне қарамастан, барша қоғамды біріктіруші күш. **Екінші.** Барлық этнос азаматтарының құқықтық теңдігі. Біз баршамыз тең құқылы және бірдей мүмкіндіктері бар қазақстандықтармыз. Біз жерімізде бейбітшілік пен тыныштықтың сақталуына тікелей жауаптымыз. **Үшінші.** Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде дамуы және үш тұғырлы тіл. Аса жауапты тілдік саясат Қазақстанның біртұтас халқын біріктіретін басты факторлардың бірі болып табылады. Қазақ тілі – біздің рухани өзегіміз және оны барлық салаларда қолдану арқылы белсенді түрде дамыту қажет. **Төртінші.** Мәдениет, дәстүр және өзіндік болмыстың жаңғыруы. Дәстүр мен мәдениет – ұлттың генетикалық коды. **Бесінші.** Ұлттық интеллигенцияның ролін арттыру. Зиялы қауым қалыптасқан мемлекеттің жалпыұлттық құндылықтарын нығайтуда жетекші күшке айналуы керек. **Алтыншы.** Мемлекеттің зайырлылық сипатын нығайту – Қазақстанның табысты дамуының маңызды алғышарты.

VIII. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың әдіснамалық негіздері

Қандай тәрбие жайында сөз болса да (ұлттық, діни, құқықтық, саяси, т.б.), ол қашанда жалғыз мәнге ие – тұлғаның қалыптасу үдерісі. Адам өз ұрпағын өз көзқарас-пайымына сәйкес, сондай-ақ өзі қмір сүретін қоғам талаптарына сай тәрбиелеуге тырысады.

Тәрбиеші көзқарасы мен қоғам талаптары сәйкес келген жағдайда ғана бұл міндет неғұрлым тиімді жолмен шешім таппақ. Ол үшін әртүрлі жағдайлар – жалпы және жеке, объективті және субъективті, т.б. ескерілуі шарт. Мейлінше жалпы әрі мейлінше тиімді жағдайдың бірі – тәрбие үдерісінің әдіснамалық негіздеріне арқа сүйеу.

«Мәңгілік Ел» пәнінің мақсаты мен міндеттері жаңарған қазақстандық қоғамның сұраныстарына сай болашақ маман тұлғасын қалыптастыруға бағытталған. Демек, олар тәрбие теориясының әдіснамалық көзқарастары негізінде жүзеге асуы тиіс.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды үш құрамдас бөлігі (этнос қалыптастырушы, азаматтық және жалпыұлттық) аясында болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастыруда тұлғалық-әрекеттік (субъектілік), жүйелік-тұтастық, аксеологиялық, мәдениеттанушылық, этнопедагогикалық, этномәдени, көпмәдениетті, күзіреттілік ыңғайлар айтарлықтай маңызға ие.

Тұлғалық-әрекеттік, субъектілік-әрекеттік ыңғайлар. Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін, азаматтығы мен патриотизмін қалыптастырудағы аталған әдіснамалық ыңғайлардың маңызы философия мен психологияның келесі қағидалары негізінде анықталуы тиіс.

1.Тұлғалық ыңғай болашақ маманды оқу үдерісінде және кәсібінде өз өмірлік әрекеттерінің амал-тәсілдері мен өзіндік тұлғалық мәнін іске асыратын белсенді субъект ретінде қалыптастыруға бағытталған. Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі өзгерту, өздігімен білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу механизмдерінсіз тұлғаның кемелденуі мүмкін емес. Индивид субъекті ретінде сырттан белгіленген нормалар мен эталондар бойынша ішкі әрекеттерін өз бетімен жүзеге асыра бастағанда ғана тұлға пайда болады. Ішкі күш-жігер мен әлеуетке, сұраныстарға арқа сүйемей тұлғалық сапаларды тиімді дамыту мүмкін емес.

2. Студенттердің субъектілігін ынталандырудың жалпы тәсілі – тәрбиеге әрекеттік сипат беру. Адам әрекет барысында қалыптасып, дамиды және танылады. Неғұрлым көп әрекет түрлеріне араласқан сайын, тұлға соғұрлым жан-жақты дамиды. Тұлғаның субъектілік құрамы, оның «Мен-Тұжырымы» тікелей әрекет жүзінде дамиды, сол арқылы әлеуметтік тәжірибені игеру,

психикалық функциялар мен қабілет-дағдыларды дамыту, әлемге және өзіне деген қатынас жүйесін қалыптастыру жүзеге асады. Кез келген әрекеттің тиімділігі тұлғаның өз бетімен шығармашылық белсенділік танытуына, оның өзін-өзі өзгертуге деген мүддесі мен сұранысына және әзірлігіне байланысты.

Жүйелік-тұтастық ыңғай. Жүйелілік пен тұтастық деген тұлғаның өзгелер үшін тұтастай феномен ретінде танылуын білдіреді. Әрбір жекелеген іс-әрекетте ол әлемге деген тұлғалық қатынастар жүйесін жеке-дара әрі тұтастай түзумен болады. Тұлғаның әлеуметтік-психологиялық феномен ретіндегі тұтастығы тәрбиелік әсер-ықпалдың тұтастығын анықтайды. Тұлға тәліміндегі ең қысқа, ең ұсақ та мәнсіз әрекеттік өзі сан алуан қатынастардың тұтас кешенін қамтитындығы тұлғаның полифониялығын айқындайды. Субъектілік ұстанымы өзінің іс жүзінде жүзеге асуында тұлғаға өз өмірінің стратегі болу қабілетін дарытса, тұтастық ұстанымы оны келесі өмірлік тактикамен қаруландырады: ол өз әрекет-қылықтарын өмір мен адамдарға деген бірыңғай қатынасқа сәйкес құрады.

Жүйелілік пен тұтастық ұстанымы болашақ мамандардан келесіні талап етеді:

а) ұлттық сана-сезімді қалыптастыру – бір сәтте жүзеге асырылатын әрекет емес. Бұл қазақ халқы мен Қазақстан халқының ұлттық мәдениетін ұлттық идеяның маңызды үш құрамдас бөлігі аясында ЖОО-дағы оқу жылдары бойында игерудің жүйесі ретінде қарастырылатын ұзақ үдеріс;

ә) болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін, ділін, азаматтылығы мен патриотизмін қалыптастыру мен дамытудың үздіксіз үдерісі (курстан курсқа) жүйесінде тұтастық студенттердің оқу және оқудан тыс іс-әрекеттерінің бірлігі ретінде анықталады;

б) ұлттық сана-сезімді қалыптастыру ЖОО-да оқытылатын барлық негізгі пәндер бойынша (әлеуметтік-гуманитарлық, психологиялық-педагогикалық және оқу пәндерінің арнаулы циклы) білімді игеру үдерісі және барлық тәжірибе түрлерінен өту, тәрбиелік іс-шаралар жүйесіне қатынасу және т.б. арқылы жүзеге асырылады;

в) тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында ұлттық сана-сезімді қалыптастырудың маңызды құралдары оқу-танымдық, өздігімен білім алу, ғылыми-зерттеу, қоғамдық-саяси, қоғамдық пайдалы, мәдени-ағартушылық, спорттық-сауықтыру және өзге іс-әрекет түрлері болып табылады.

Мәдениеттанушылық ыңғай. Мәдениеттанушылық ыңғайдық орталығы мәдениетті танушы және жасаушы адам болып табылады...». Сондықтан мәдениеттанушылық ыңғай болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін, патриотизмін, азаматтығы мен әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру үдерісінде білімнің тұлғалық бағдары парадигмасы мен оқу үдерісінің келесі бағыттары аясында жүзеге асуы керек: а) студенттердің қазіргі Қазақстан мен күллі әлем қауымдастығының ұлттық саясатымен, ұлттық идеясымен, ұлттық шындығымен; айтулы тарихи оқиғалармен, ұлы қазақ ойшылдарының өмірі және

шығармашылығымен, Қазақстан халқының саясат, ғылым, техника, білім, әдебиет пен өнер саласындағы мемлекетіміздің алтын қорын қалыптастырушы ірі қайраткерлерімен танысуы; ә) студенттердің ақыл-ой, өз бетімен білім алу және зерттеу мәдениетін, саяси, этностық және этносаралық мәдениетті, эстетикалық және этикалық мәдениетті, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін дамыту; б) студенттердің әлемге деген ұлттық-жүйелілік көзқарасын дамыту.

Аксиологиялық ыңғай. Аксиологиялық (құндылықтық) ыңғай тұлғаны адамзаттың жоғары құндылығы дәрежесінде зерделейтін барша гуманистік тұжырымдамалардың негізі болып табылады. Аксиологиялық ойдың орталығында бір-біріне өзара тәуелді, өзара әрекеттестіктегі әлем тұжырымдамасы орын алған. Осыған сәйкес, біздің әлеміміз – тұтас адам әлемі, сондықтан адамзатты біріктіретін жалпылықты ғана емес, әрбір жеке адамды сипаттайтын ерекшелікті де көре білу қажет.

Аксиологиялық ыңғай мәдениеттанушылық ыңғайдың өзегі болып табылады. Оның ұлттық тәрбие, тұлғаның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру контексіндегі мән-маңызы болашақ мамандардың бойында ұлттық және жалпыадамдық құндылықтар жүйесін қалыптастыруға бағытталғандығында. Бұл құндылықтар а) өз халқын, бірлесіп өмір сүріп жатқан халықтарды, тұтастай әлем қауымдастығын; ә) өз іс-әрекетін, ұлттық мәдениетті сақтаушы адам ретінде өзін бағалауға баулиды.

Адамның құндылықтық қатынасы оның психологиялық ахуалын, өмірге ризашыл, толымды пейілін және оның мағынасын айқындаса, құндылықтар жүйесі іс-әрекет пен қылықты реттеп, оның уәждік-сұраныстық аясын, олардың күнделікті және кәсіптік іс-әрекетте басшылыққа алуға деген әзірлік пен ұмтылысты анықтайды.

Этнопедагогикалық ыңғай. Аталған әдіснамалық ыңғай «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының алғашқы құрамдас бөлігі – этнос қалыптастырушы компонент аясында айрықша мәнге ие. Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін этнопедагогикалық ыңғайда тәрбиелеу халықтың тілі, тарихы, өнері, фольклоры, салт-дәстүрі сынды ұлттық санаттарға (құндылықтарға) негізделеді. Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін этнопедагогикалық ыңғай негізінде қалыптастыру олардың өзіндік болмысын сақтаудың, төл тіліне, өз халқының тарихына, салт-дәстүрлері мен мәдениетіне деген байыпты да ізгі қатынасын қалыптастырудың маңызды алғышарты болып табылады. Бұл әдіснамалық ыңғай патриотизм мен тұлғаның туған жерге деген қимастық, бауырмалдық сезімін қалыптастыруға, туған жерде бейбіт те тыныш өмірдің сақталуы үшін өз халқының алдында жауапты болуға тәрбиелеуге бағытталған.

А.С.Макаренко былай деп жазады: «Халыққа қызмет ететін тәрбие ғана шынайы тәрбие болып табылады. Осы талаптың үдесінен шықпайтын

тәрбие, халыққа қарсы тәрбие және ол анти тәрбие ретінде бағалануы мүмкін. Себебі адам тұлғасын бұзады».

Болашақ мамандардың, мемлекет құрушы ұлт өкілдерінің ұлттық сана-сезімін қалыптастырудағы этнопедагогикалық ыңғай өз халқының ділін терең зерделеуге бағытталған. Осы орайда діл халықтың өмір салты, наным-сенімі, географиялық, тарихи және экономикалық ерекшеліктермен сипатталатын тұрмыс-тіршілігі, сондай-ақ ұрпақтан ұрпаққа беріліп, аңыз, моральдық қағида, жүріс-тұрыс нормалары, құндылықтар, салт-ғұрыптар, мерекелер, т.б. арқылы көрініс табатын әлеуметтік-мәдени мұра элементі ретіндегі дәстүрлердің бірегей көрінісі ретінде пайымдалады.

Болашақ мамандардың этникалық әлеуметтену, этникалық өзін-өзі теңдестіруі аясында этнопедагогикалық ыңғайды жүзеге асырудың нәтижесі:

а) ұлттық абыройы мен адами ар-ұжданы биік, ұлттық сана-сезімі жоғары (ана тілін меңгерген, өз халқының тарихын, төл мәдениеті мен салт-дәстүрлерін білетін, Қазақстанның және күллі әлем қауымдастығының халықтары мен ұлыстарының тіліне, тарихына, мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне құрметпен қарайтын) тұлғаны, өз халқының патриотын қалыптастыру;

ә) этникалық төзімділікті қалыптастыру. Этникалық төзімділік әлеуметтік перцепция құбылысы ретінде өзге этникалық мәдениетке деген теріс көзқарас пен қатынастың жоқтығынан, дәлірек айтқанда, өз мәдениетіне деген оң көзқарасын сақтай отырып, өзге мәдениетті де позитивті қабылдаудан көрінеді. Бұл этникалық төзімділіктің өз мәдениетінен бас тарту ретіндегі ассимиляция салдары емес, этносаралық интеграцияның сипаттамасы болып табылатындығын білдіреді. Осы орайда этносаралық интеграцияға өз этникалық мәдениетіне және қарым-қатынасқа түсетін өзге этникалық мәдениет топтарына деген «мойынсұну» немесе позитивтік көзқарас тән. Топтық қабылдаудағы мұндай адекваттық түсінік этникалық мәдениеттердің құндылық тұрғысында теңдігі постулатына негізделген.

Этномәдени ыңғайды «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының бірінші және екінші құрамдастары – этнос қалыптастырушы және азаматтық компоненттер аясында зерделеген жөн. Болашақ маман тұлғасына ұлттық тәрбие беру (этникалық әлеуметтену үшін қажет жағдай ретінде өз халқының тарихын, тілін, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін зерттеп тану арқылы) өзге халықтар мен олардың өкілдерінің мәдениетіне деген қызығушылықтың оянуымен тығыз байланыста, жалпыадамдық құндылықтарды игеру, өзге ұлт өкілдерімен байланыс орнатудың дағды-машықтарын дамыту арқылы жүзеге асуы тиіс.

Болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін тәрбиелеу барысында этномәдени ыңғайдың жүзеге асуы, сонымен қатар, білім қоры мен шығармашылық іс-әрекет тәжірибесін, 130 ұлт өмір сүретін Қазақстанның

көпэтникалық шынайы болмысына деген эмоционалды-құндылықтық көзқарасты қалыптастыруы керек.

Қарастырылып отырған ыңғай Қазақстан территориясында біртұтас халық ретінде өмір сүретін барлық этностардың педагогикалық құндылықтарын бағалауға, барлық ұлттық мәдениеттерді сақтап дамытуға негізделген ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеудің стратегиясы мен тактикасын анықтауға толық негіз болады.

Көп мәдениетті ыңғайды «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының екінші құрамдас бөлігі – азаматтық компонент аясында қарастырған жөн. Көпмәдениетті ыңғай аясында көпэтникалық, көпмәдениетті тәрбие мен білім беру жүзеге асырылады.

«Қазіргі әлемдегі мәдениетаралық өзара әрекеттестік ауқымының кеңеюі жоғары білімнің көпмәдениетті құрамдас бөліктерін дамытуды, болашақ мамандардың әлемдік мәдени мұраны игеріп, шет тілдерін меңгеруінеталапты күшейтуді қажет етеді».

Көпмәдениетті білімді көпұлтты және көпмәдениетті ортада белсенді әрі өнімді әрекет етуге қабілетті, өзге мәдениеттерді түсініп, құрметтей алатын, өзге ұлт, нәсіл, дін өкілдерімен келісімде бейбіт тіршілік ете алатынадамды қалыптастыру үдерісі деп қабылдаған абзал.

Қүзіреттілік ыңғай. Ұлттық идеяның маңызды үш құрамдас бөлігі (этнос қалыптастырушы, азаматтық және жалпыұлттық) аясында құзіреттілік ыңғай болашақ мамандардың келесі құзіреттерін дамытуға бағытталған: а) этностық, этномәдени, көпмәдениетті, этносаралық құзіреттер; ә) ақпараттық, коммуникативтік құзіреттер, мәселелерді шешуге байланысты құзіреттер; б) конфликтологиялық, әлеуметтік-саяси, өз бетімен білім алу, зерттеу және өзін-өзі тану (рефлексия және теңдестіру) құзіреттері.

Жоғарыда аталған барлық ыңғайларды бірлікте және өзара байланыста ЖОО-дағы тұтас педагогикалық үдеріс жағдайында болашақ маманның ұлттық сана-сезімін қалыптастырудың негізгі ұстанымдары ретінде зерделеген дұрыс.

VIII. Күтілетін нәтижелер

Қазақстан ЖОО-ларында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының маңызды үш құрамдас бөлігі аясында студенттердің, болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін келесі нәтижелерге алып келуі тиіс:

1. Мемлекет құрушы ұлт өкілдері болып табылатын болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін жоғары деңгейде дамыту келесі негізде анықталуы керек:

а) «МЕН – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӨКІЛІМІН» бейнесінің қалыптасуы арқылы этникалық барабарлық деңгейінде;

ә) «МЕН – ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ӨКІЛІМІН», «МЕН –

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТЫМЫН» бейнесінің қалыптасуы арқылы азаматтық барабарлық деңгейінде.

Бұл екі бейне де былайша сипатталуы тиіс:

-Тарихи сана мен әлеуметтік жады негіздері ретінде ұлттық тамыр-тегін түйсініп тану, өз халқының қалыптасып, даму тарихын білу,

- ана тілі – қазақ тілін білу;

- өз халқының салт-дәстүрлерін, ұлттық мәдениет білу және оларды іс жүзінде басшылыққа алу;

- қазақ халқының озық дәстүрлеріне (қонақжайлылық, барша адамдарға ықыласпен және қамқорлықпен қарау, төзімділік) сүйене отырып, бірлесе өмір сүріп жатқан халықтар мен ұлыстардың тіліне, салт-дәстүрлеріне, ұлттық мәдениеті мен тарихына құрметпен қарау;

- ұдайы өзін-өзі кемелдендіруге, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі танытуға ұмтылыс;

- өз халқының этномәдени мұраны игерумен қоса, оны дамыту;

- қазақ халқының тілін, тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін оның ұлттық құндылықтар жүйесі ретінде пайымдау;

- өз халқының, тұтас Қазақ мемлекетінің бейбіт те тыныш, барақатты өмірін сақтау үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезіну;

- халық тарихының басты қозғаушы күші – ұлт рухын біріктіруші әрі нығайтушы бастама ретінде дамыту және нығайту екендігін түйсіне білу; халық рухы асқақ болған сайын оның мемлекеттігінің перспективалары да жоғары болмақ; ұлт рухы кез келген елдің қайталанбас келбетін анықтап, оның дамуының бағыт-бағдарын айқындайды;

- ұлттық рухты біріктіруші және нығайтушы бастама ретінде дамыту үшін дәстүр мен патриотизм рухы, жаңғыру, күрескерлік пен жеңіс рухы басты басымдықтарға айналуы керек; қоғамның рухани өзегі ретінде дәстүрлі құндылықтарға (тіл мен мәдениетке деген құрмет, ізгілік, отбасы, ұрпақтар жалғастығы, патриотизм мен төзімділік) арқа сүйеу.

2. Өзге ұлт өкілдері үшін азаматтық барабарлық деңгейінде ұлттық сана-сезімді жоғары деңгейде дамыту «МЕН – ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТІНІҢ ӨКІЛМІН», «МЕН – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТЫМЫН» бейнесінің қалыптасуымен сипатталады.

Аталған бейне келесі мазмұнда сипатталуы тиіс:

- қазақ тілін (мемлекеттік тіл ретінде) білу (үйрену);

- мемлекет құрушы ұлт ретінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін, мәдениеті мен тарихын білу және құрметтеу;

- қазақ халқының этномәдени мұрасын меңгеріп, дамытумен қоса, қазақ халқының ұлттық мәдениетін дамытуға септігін тигізуге қабілетті болу;

- қазақ халқының тілін, тарихын, салт-дәстүрлерін оның ұлттық құндылықтары ретінде пайымдау;

- өз халқының, тұтас Қазақ мемлекетінің бейбіт те тыныш, барақатты өмірін сақтау үшін әлеуметтік жауапкершілікті сезіну;

- халық тарихының басты қозғаушы күші – ұлт рухын біріктіруші әрі нығайтушы бастама ретінде дамыту және нығайту екендігін түйсіне білу; халық рухы асқақ болған сайын оның мемлекеттігінің перспективалары да жоғары болмақ; ұлт рухы кез келген елдің қайталанбас келбетін анықтап, оның дамуының бағыт-бағдарын айқындайды;

- ұлттық рухты біріктіруші және нығайтушы бастама ретінде дамыту үшін дәстүр мен патриотизм рухы, жаңғыру, күрескерлік пен жеңіс рухы басты басымдықтарға айналуы керек; қоғамның рухани өзегі ретінде дәстүрлі құндылықтарға арқа сүйеу.

3. Мемлекет құрушы және өзге ұлттар үшін жалпыұлттық барабарлық деңгейінде ұлттық сана-сезімді жоғары деңгейде дамыту «МЕН, БІЗ, БІРГЕ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЗИЯТКЕР ҰЛТПЫЗ» бейнесінің қалыптасуымен сипатталады.

Аталған бейнеге келесі сипаттар тән болуы тиіс:

- патриотизм, азаматтық, төзімділік, гуманизм, дамыған тарихи сана және әлеуметтік жады;

- Отан мүддесі мен оның қауіпсіздігін қорғау бойынша азаматтық борыш пен конституциялық міндеттерді орындауға әзірлік;

- креативтілік, жаңалыққа ашықтық, идеяларды ойлап табу мен жүзеге асырудағы бастамашылдық қабілеті; білімді қорытып, жаңа шешімдерге қол жеткізе білу және оларды іс жүзінде жүзеге асыру;

- үш тілді (қазақ, орыс, ағылшын; Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қарым-қатынас тілі, ағылшын тілі – жаһандық экономикаға сәтті кірігу үшін қажет тіл.) және еліміздің коммуникациялық және интеграциялық қабілеттері аясын кеңейтетін, әлем қауымдастығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыратын басқа да тілдерді меңгеруге әзірлік. Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде меңгеру Қазақстанның әрбір азаматының патриоттық және адамгершілік парызы деп қарастыру қажет;

- Қазақстан Республикасының ұлттық мұраты – еркіндік, тәуелсіздік, халық бірлігі, азаматтық әлем, ұлтаралық және конфессияаралық келісім, саяси және әлеуметтік тұрақтылық, бәсекеге қабілеттілік, «Қазақстан – біздің ортақ Отанымыз, біздің ортақ үйіміз» идеясымен біріккен Қазақстанның барша халқының экономикалық әл-ауқаты.

IX. Қорытынды нәтижелер

«Мәңгілік Ел» пәнін оқу нәтижесінде студент білуі тиіс:

- этнос, ұлт, діл, ұлттық діл, ұлттық идея, ұлттық тәрбие, ұлттық сана-сезім, этникалық сана, ұлттық мәдениет, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті, салауатты өмір салты, зияткерлік әлеует, бәсекеге қабілеттілік және т.б. сынды негізгі ұғымдардың мәнін;

- Қазақстан Республикасының «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының үш маңызды құрамдас бөлігі (этнос қалыптастырушы, азаматтық, жалпыұлттық) аясындағы мәнін, Қазақстан Республикасының ұлттық мұратының мәні;

Қазақстан тәуелсіздігі мәртебесіне лайық рухани құндылықтар жүйесінің мәнін; ұлттық идеяны ұлттық болмыс шындығы мен халықтың тарихи тағдырына айналдыратын негізгі факторлардың мәнін;

-«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының философиялық-әдіснамалық негізі ретіндегі қазақтану ілімінің мәнін;

-болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін дамытудың әдіснамалық негіздерінің мәнін;

-ұлттық идеяның маңызды үш құрамдас бөлігі (этнос қалыптастырушы, азаматтық, жалпыұлттық) аясында тұлғаның ұлттық сана-сезімін қалыптастыру моделінің мәні.

Студент дағдылы болуы керек:

-а) «Мен – қазақ халқының өкілімін» этностық барабарлығы деңгейінде; ә) «Мен, біз – Қазақ мемлекетінің өкіліміз» азаматтық барабарлығы деңгейінде; б) «Мен, Біз, Бірге – бәсекеге қабілетті зияткер ұлтпыз» жалпыұлттық барабарлығы деңгейінде қалыптасу деңгейінде өзін-өзі тану және таныту.

- барбарлықтың әр деңгейіндегі мәселелерді анықтап, оларды шешудің жолдарын табу.

- тұлға құқығы мен еркіндігін және барша қазақстандық этностарға ортақ құндылықтарды құрметтей отырып, азаматтық қоғамда абыройлы өмір сүру.

Студент саналы түрде түйсінуі керек:

- этностық барабарлық деңгейінде жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімді қалыптастыру қазақ халқының тарихы, тілі, салт-дәстүрі, өзіндік болмысы сынды маңызды компоненттері бар ұлттық мәдениеттің мәнін терең зерделеуді, сондай-ақ қазақ халқының ұлттық мүдделерін, ұлттық құндылықтары мен ұлттық бағдарын саналы түрде қабылдауды талап етеді;

- азаматтық барабарлық деңгейінде жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімді қалыптастыру 1) қазақ тілін мемлекеттік тіл, ұлттық сана-сезімнің базалық тетігі, Қазақстанның барша халқының руханияты мен бірлігінің тұғыры ретінде белсенді түрде үйренуді; 2) бірлесе өмір сүріп жатқан барлық халықтар мен ұлыстардың тілі, тарихы, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген құрметті дамытуды; 3) жоғары деңгейлі ұлттық абырой, патриотизм мен азаматтық, төзімділік пен гуманизмді дамытуды; 4) этносараоық, конфессияаралық және мәдениетаралық сұхбатқа әзірлікті; 5) Мейірімділік, Ақиқат, Сұлулық «мәңгілік» мұраттарын бейнелейтін және жер бетінде бейбітшілік пен тыныштық орнауына септігін тигізетін, зорлық-зомбылыққа жол бермейтін өмір, еркіндік, ар, сенім, махаббат, бақыт сынды жалпыадамдық тұғырлы құндылықтар бағдарын ұстануға ықыласты болуды талап етеді.

- жалпыұлттық барабарлық деңгейінде жоғары деңгейлі ұлттық сана-сезімді қалыптастыру Қазақстан Республикасының қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайында келесі қасиет-сапаларға ие бәсекеге қабілетті зияткер тұлғаға деген сұраныстың жоғары болатындығын саналы түрде пайымдап түсінуге бағыттауды талап етеді: а) өзін жетілдіруге, өздігімен дамуға, өзінің негізгі күш-қуатын іске асыруға және өзін танытуға ұмтылыс; ә) жаңа білім

мазмұныны игеріп, тың идеяларды ойлап табуда бастамашылдық таныту және оларды отан игілігі үшін жүзеге асыруға дайын болу.

Студент игеруі керек:

-этнопедагогикалық, этномәдени, полисаяси құзіреттіліктерін; ұлтаралық келісім мен қарым-қатынас мәдениетін; әлеуметтік-мәдени құзіреттіліктерді; ақпараттық, коммуникативтік құзіреттіліктерді; мәселелерді шешуге байланысты құзіреттіліктерді және т.б.

Х. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы аясында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін дамытудың (оқу курстары мен жылдары бойынша) міндеттерін жүзеге асыратын МЖМБС пәндері

ЖОО-дағы оқудың барлық жылдарында болашақ мамандардың ұлттық сана-сезімін қалыптастыру үдерісінің тиімділігі келесі педагогикалық шарттардың жүзеге асуын талап етеді:

- пәндер мазмұнына студенттердің ұлттық сана-сезімін қалыптастыруға бағытталған арнайы материалдарды (ұлттық компонент) енгізу арқылы тұлғаның зияткерлік және рухани-шығармашылық әлеуетін мейлінше белсендіру мақсатында ЖОО-ның әлеуметтік-гуманитарлық, психологиялық-педагогикалық пәндер циклының мүмкіндіктерін барынша пайдалану;

- ЖОО-ның тұтас педагогикалық үдерісінің этнопедагогикалық, мәдениеттанушылық, аксиологиялық, акмеологиялық, этномәдени, көпмәдениеттік, денсаулық сақтау және құзіреттілік бағыттарын қамтамасыз ету;

- өз бойындағы ұлттық сапаларды түйсініп тануға бағытталатын ойлау үдерісі ретіндегі рефлексопрактиканы ұйымдастыру;

- педагогикалық өзара әрекеттестік субъектілерінің (оқытушы мен студент) ұлттық сана-сезімді қалыптастыруға бағытталған білім беру іс-әрекетін жүзеге асыруға деген әзірлігін ынталандыру;

- болашақ маман тұлғасын қазақ халқының ұлттық етене мәдениетіне араластыру, оны ұлттық және жалпыадамдық құндылықтарға баулу.

1 курстағы пәндер блогы (МЖМБС)

Міндетті компонент: «Мәңгілік Ел» Қазақстан тарихы. Қазақ тілі. Педагогикалық кәсіпке кіріспе. Өзін-өзі тану. Әлеуметтану. Даму психологиясы. Жас ерекшеліктері физиологиясы және мектеп гигиенасы. Экология және тұрақты даму. Өмір қауіпсіздігінің негіздері. Шет тілі. Тәжірибе.

2 курстағы пәндер блогы (МЖМБС)

Міндетті компонент: Мәдениеттану. Педагогика. Этнопедагогика. Өзін-өзі тану. Философия. Саясаттану. Экономикалық теория негіздері. Құқық негіздері. Оқу тәжірибесі.

3 курстағы пәндер блогы (МЖМБС)

Міндетті компонент: Кәсіби қазақ тілі. Кәсіптік бағдарлы шет тілі. Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі. Әлеуметтік педагогика.

Курстар мен жылдар бойынша пәндер блогы ҚР жоғары кәсіптік білімнің МЖМБС-ына сәйкес (МЖМБС-ға енгізуге ұсынылып отырған «Мәңгілік Ел» пәнінен басқа) анықталған және ЖОО компоненттері есебінен кеңеюі мүмкін. Осы орайда ЖОО компоненттері келесі пәндерді жүйелі түрде оқытуға бағытталады: қазақ тарихы, қазақ тілі, қазақ ауыз әдебиеті, қазақ философиясы, қазақ этикеті, қазақ құқығы, қазақ мәдениеті, қазақ саясаттануы, қазақ экономикасы, қазақ этнографиясы, қазақ этнопсихологиясы және т.б.